

**Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Қытай Халық Республикасының Қоғамдық қауіпсіздік министрлігі арасындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 17 маусым N 656

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Қытай Халық Республикасының Қоғамдық қауіпсіздік министрлігі арасындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қоюға келісім берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Қытай Халық Республикасының Қоғамдық қауіпсіздік министрлігі арасындағы ынтымақтастық туралы  
К Е Л І С І М

Бұдан әрі қарай Тараптар деп аталатын, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Қытай Халық Республикасының Қоғамдық қауіпсіздік министрлігі,

1993 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы Достық қарым-қатынас негіздері туралы біріккен декларацияда және 1996 жылғы 26 сәуірдегі Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы және Қытай Халық Республикасы арасындағы шекара маңындағы әскери салада сенімді нығайту туралы Z960057\_ келісімде, 2001 жылғы 15 маусымдағы Шанхай ынтымақтастық ұйымын құру туралы декларацияда және Терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес туралы Z020316\_ Шанхай Конвенциясында белгіленген қағидаттарды ескере отырып, қазақстан-қытай мемлекеттік шекарасында тұрақтылықты сақтау, өзара сенімді және тату көршілікті нығайту мақсатында, төмендегілер туралы келісті:

1 - б а п

Шекараны күзету саласындағы ынтымақтастық процесінде Тараптар, қазақстан-қытай мемлекеттік шекарасын достықтың, тыныштықтың және бейбітшіліктің шекарасына айналдыру үшін күш жұмсайтын болады.

2 - б а п

Тараптар ынтымақтастықты өз құзыреттілігі шегінде мынадай бағыттар бойынша жүзеге асыратын болады:

шекара маңындағы аудандардағы және мемлекеттік шекара арқылы өткізу бекеттеріндегі жағдайлар туралы ақпарат алмасу;

шекара маңындағы аудандарда және мемлекеттік шекара арқылы өткізу бекеттеріндегі террористік, сепаратистік және экстремистік іс-әрекеттердің, заңсыз көшіп-қонуларды, қару-жарақтарды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды, есірткілерді және психотроптық заттарды, Тараптар мемлекеттерінің аумағына әкелуге (әкетуге) тыйым салынған өзге де құралдар мен заттарды контрабандалық тасымалданудың алдын алу және жолын кесу бойынша келісілген шараларды жүзеге асыру;

шекара маңындағы аудандарда және мемлекеттік шекара арқылы өткізу бекеттерінде болуы мүмкін қақтығыстар мен даулы жағдайларды болдырмау;

шекара маңындағы аудандарда және мемлекеттік шекара арқылы өткізу бекеттерінде, ұсталған адамдарды, сондай-ақ көлік құралдары мен бағалы заттарды, егер бұл Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңдарына қайшы келмейтін болса, іздестіруде және уақытылы беруде жәрдемдесу;

шекара маңындағы аудандарда және өткізу бекеттерінде мемлекеттік шекара күзетін ұйымдастыру тәжірибесімен алмасу.

3 - б а п

Тараптар осы Келісім ережелерін ұйымдастыруды және практикалық іске асыруды, бұдан әрі Уәкілетті органдар болып аталатын:

Қазақстан Тарапынан - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің  
Ш е к а р а қ ы з м е т і н е ;

Қытай Тарапынан - Қытай Халық Республикасы Синьцзян-Ұйғыр автономиялық ауданының Қоғамдық қауіпсіздік департаментіне, Қытай Халық Республикасы Синьцзян-Ұйғыр автономиялық ауданының Қоғамдық қауіпсіздік департаментінің  
Ш е к а р а б а с қ а р м а с ы н а т а б ы с т а й д ы .

4 - б а п

Тараптар байланыс ұстаудың төмендегідей нысандары мен тәртібін белгілейді:

1. Тараптар басшыларының немесе олардың уәкілетті өкілдерінің кездесулері қажеттілігіне қарай шекара ынтымақтастығындағы аса маңызды мәселелерді шешу үшін жүргізіледі. Тараптар кездесуді өткізудің орынды екендігі және талқылау үшін ұсынылған мәселелер туралы бір-бірін дипломатиялық арналар бойынша немесе Уәкілетті органдар арқылы хабардар етеді.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің және Қытай Халық Республикасы Синьцзян-Ұйғыр автономиялық ауданы Қоғамдық қауіпсіздік департаментінің басшылары немесе олардың өкілдері қажеттілігіне қарай жұмыс кездесулерін өткізеді. Тараптар байланысы дипломаттық арналар бойынша немесе Тараптардың бақылау-өткізу бекеттерінің желісі жөніндегі шекара өкілдері арқылы жүзеге асырылады.

3. Жоғарыда көрсетілген кездесулер және келіссөздер нәтижелері хаттамамен немесе басқа да қорытынды құжаттармен ресімделеді.

4. Тараптардың шекаралық өкілдері және бақылау-өткізу бекеттерінің басшылары, заңына бір рет немесе кезектен тыс кездесу өткізу қажет болған кезде кез келген келісілген уақытта кездесулер өткізеді.

5 - б а п

Уәкілетті органдар қайтарусыз мынадай ақпараттармен алмасатын болады: шекара маңындағы аудандардағы және мемлекеттік шекара арқылы өткізу бекеттеріндегі құқыққа қарсы іс-әрекеттер туралы;

шекара маңындағы аудандардағы террористік, сепаратистік және экстремистік іс-әрекеттер туралы;

өткізу бекеттерінде мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өту әрекеттері және деректері туралы;

Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасымен және олар қатысушы болып табылатын халықаралық шарттармен әкелуге (әкетуге) тыйым салынған қару-жарақ, оқ-дәрілер, жарылғыш, радиоактивтік, уландырғыш, есірткі және психотроптық заттарды, басқа заттар мен жүктерді шекара арқылы заңсыз өткізуге дайындалып жатқандығы (жасалғандығы) туралы, сондай-ақ шекара маңындағы аудандарда және мемлекеттік шекара арқылы өткізу бекеттерінде контрабандистер мен заңсыз көшіп-қонушылар пайдаланатын орын ауыстыру арналары, әдістері, құралдары мен айләтәсілдері туралы;

шекара маңындағы аудандарда және мемлекеттік шекара арқылы өткізу бекеттерінде пайда болуы мүмкін халықаралық есірткі бизнесіне, терроризмге және басқа да халықаралық қылмыстың түрлеріне қатысты адамдар туралы;

шекара маңындағы аудандарда және мемлекеттік шекара арқылы өткізу бекеттерінде тарап кетуі ықтимал әрі Тараптар мемлекеттеріне зиян келтіретін табиғи апаттар, эпидемиялар, эпизоотиялар, басқа да экологиялық көріністер туралы; мемлекеттік шекара арқылы өткізу бекеттерінде шекаралық реттеу және кіру-шығу мәселелеріне қатысты нормативтік құқықтық кесімдер туралы; шекараны кесіп өту үшін құжаттардың жаңа үлгісінің айналымға кіргені, оларды ресімдеу тәртібіндегі өзгерістер, күні көрсетілген жаңа мөртаңбалар және қорғаныс құралдары туралы.

## 6 - б а п

Тараптар бір-бірінен алатын ақпараттың, егер бұл ақпарат жабық сипатта болса немесе беретін Тарап оны жариялау қажетсіз деп есептесе, құпиялылығын қамтамасыз ететін болады. Ақпараттың құпиялылық дәрежесі оны жіберетін Тараппен анықталады.

Мұндай ақпарат, беруші Тараптың жазбаша келісімімен ғана үшінші Тарапқа берілуі мүмкін.

Егер, Тараптардың бір-біріне беретін ақпаратында Тараптардың мемлекеттік құпия мәліметтері бар болса, онда мұндай ақпарат беру, беруші Тараптың заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын болады. Қабылдап алушы Тарап өз мемлекетінің заңнамасына сәйкес алынған ақпараттың сақталуын қамтамасыз етеді.

## 7 - б а п

Шекаралық ынтымақтастық мәселелерін уақытылы шешу және шекара арқылы өткізу бекеттерінің қызметін реттеу үшін Уәкілетті органдар тиісті бақылау-өткізу бекеттерінің арасында тікелей телефон байланысын орната алады. Осындай байланысты орнатудың нақты тәртібін Тараптардың бақылау-өткізу бекеттері жөніндегі шекаралық өкілдерімен анықтайды.

## 8 - б а п

Өзара уағдаластық немесе Тараптардың біреуінің шақыруы бойынша,

Тараптар мәдени және спорттық делегациялармен алмасуды ұйымдастыруы мүмкін.

Нақты іс-шаралар және оларды өткізу мерзімдері дипломатиялық арналармен немесе бақылау-өткізу бекеттерінің желілері жөніндегі шекаралық өкілдер арқылы келісіледі.

## 9-бап

Бірінші Тарап делегациясының екінші Тарап мемлекетінің аумағында болуына байланысты шығындар, қонақ үйде тұру жөніндегі шығыстарды және халықаралық көлік шығыстарын қоспағанда, қабылдайтын Тарап есебінен жүргізілетін болады.

## 10-бап

Осы Келісім Тараптар қызметтерінің нақты бағыттары бойынша өзара іс-қимылдары туралы хаттамалармен толықтырылуы мүмкін.

## 11-бап

Осы Келісім Тараптар немесе олардың мемлекеттері қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттерін қозғамайды.

## 12-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделетін толықтырулар мен өзгерістер енгізілуі мүмкін.

## 13-бап

Осы Келісімге түсінік беру мен оны қолдануға қатысты келіспеушіліктер келіссөздер және өзара кеңес беру жолымен шешілетін болады.

## 14-бап

Осы Келісім қол қойылған сәтінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалады және егер Тараптардың бірде біреуі тиісті бес жылдық кезеңнің өтуіне дейін алты айдан кем емес мерзім ішінде оның күшін тоқтату туралы өздерінің ниеттерін басқа Тарапқа дипломатиялық арналар бойынша жазбаша хабарламасын жібермесе, келесі бес

жылдық кезеңге өздігінен ұзартылатын болады.

2002 жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ қаласында әрқайсысы қазақ, қытай және орыс тілдерінде екі данада жасалды, сондай-ақ барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісім ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алады.

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық қауіпсіздік комитеті  
үшін

Қытай Халық Республикасының  
Қоғамдық қауіпсіздік министрлігі  
үшін

Мамандар:

Багарова Ж.А.,  
Қасымбеков Б.А.